



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№17/199
25 сәуір



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРАЛДЫ ҚҰТҚАРУ ҚОРЫ ҚҰРЫЛТАЙШЫ МЕМЛЕКЕТТЕР БАСШЫЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ



Ақордада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылтайшы мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы өтті.

Мемлекет басшысы Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан көшбасшыларына саммитке қатысқаны үшін ризашылығын білдірді.

– Бүгінгі кездесу өңірді орнықты дамыту қағидаттарына, прагматикалық және өзара келісілген экологиялық күн тәртібін ілгерілетуге бейіл екенімізді растайды. Осы жиында Қордың даму перспективасын талқылап, Арал теңізі бассейнінің экожүйесін сақтауды көздейтін ортақ шешімдерді айқындаймыз. Бұл кең ауқымдағы халықаралық мәселе болғандықтан, біздің жұмысымызға көптеген мемлекеттер, халықаралық ұйымдар назар аударып отыр. Аралды құтқару мәселесі көп жылдар бойы аймақта да, әлемде де айтылып келеді. Өңірдің тұрақтылығын қамтамасыз ету және өркендету – ортақ әрі қол жеткізуге болатын міндет. Аталған басқосу ынтымақтастықты нығайтуға тың серпін беріп, аймақ мемлекеттеріне пайдасын тигізеді деп үміттенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Халықаралық Аралды құтқару қоры Орталық Азиядағы су шаруашылығы мен экологиялық мәселелердің шешімін табу үшін өңірдегі мемлекеттердің күш-жігерін ортақ арнаға ұйыстыратын бірден-бір институционалдық платформа екеніне тоқталды.

– Қор Арал теңізін құтқаруға бағытталған халықаралық қолдау шараларын шоғырландырып, бірлескен бастамаларды іске асыруда айтар-

лықтай рөл атқарады. Қазақстан Қорға төрағалық ету барысында барлық құрылтайшы мемлекеттердің қатысуымен көптеген өзекті міндеттердің шешімін табуға дәйекті түрде ықпал етті. Мысалы, су-энергетика саласындағы ынтымақтастық нығайтып, жобаларды қаржыландыру тетіктері кеңейіп келеді. Қордың Атқарушы комитетінің үйлестіру қызметін арттыру жөнінде шаралар қабылданды. Халықаралық әріптестермен, соның ішінде БҰҰ құрылымдарымен, қаржы институттарымен және донорлармен ықпалдастық күшеюде. Халықаралық табиғатты қорғау бастамалары аясындағы жұмыс жанданды. Қордың Атқарушы комитеті бірқатар маңызды жиынға, атап айтқанда, Рияд қаласында өткен One Water саммитіне, Найробиде ұйымдастырылған БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі 7-ші Ассамблеясына, сондай-ақ Бакудегі COP-29 және Белендегі COP-30 конференцияларына қатысты. Арал теңізі бассейніндегі елдерге көмек көрсету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасына және Орталық Азияның тұрақты дамуы үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Өңірлік бағдарламасына жіті назар аударылып отыр. Сонымен қатар халықаралық ұйымдардың қатысуымен 30-дан аса өңірлік жоба жүзеге асырылуда. Аталған бағдарламалар мен бастамаларды қаржыландырудың жалпы көлемі екі миллиард доллардан асады. Қазақстанның Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен серіктесе отырып әзірлеген 2026-2029 жылдарға арналған Өңірлік жол картасы Арал маңы тұрғындарының денсаулығын жақсартуға және әл-ауқатын арттыруға үлес қосады, – деді Мемлекет

басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Аралдың экожүйесін қалпына келтіру бойынша бірлескен күш-жігердің арқасында оң нәтижеге қол жеткізілгеніне мән берді.

– Теңіздегі су көлемінің 18,9-дан 23,5 текше шақырымға дейін ұлғаюы Арал маңындағы балық шаруашылығына, жалпы әлеуметтік-экономикалық ахуалға жағымды әсер етті. «Арал» геопаркі құрылды. Бұл – аумақтың орнықты даму үлгісі бола алатын бірегей табиғи әрі ғылыми нысан. Жобаның басты мақсаты – Арал теңізінің табиғи-экологиялық және тарихи мұрасын сақтау. Қазіргі уақытта оны ЮНЕСКО геопарктері жаһандық желісінің нысандары қатарына қосу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Осылайша, Қазақстанның төрағалығы Қордың тиімділігін көтеруге бағытталды. Қолдау көрсетіп, бірлесе әрекет еткен барлық құрылтайшы мемлекеттерге шынайы алғысымды айтамын. Жұмыла жұмыс істеп, мақсат пен нақты істі сабақтастыра отырып, халықтарымыздың тұрақты болашағын қамтамасыз етуде бұдан да зор табыстарға қол жеткізе алатынымызға сенімдімін, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінгі жетістіктерге қарамастан, экологиялық қатерлердің өсу қарқыны оны төмендету мақсатында қабылданған шаралардан асып түседі. Мұны Арал теңізі бассейнінің қазіргі жағдайын талдау нәтижелері көрсетіп отыр.

– Арал бассейніндегі экологиялық ахуал алаңдатарлық. Оны барлығыңыз жақсы білесіздер. Арал маңайындағы климат айтарлықтай өзгеріске ұшырады: жаздағы ауа тем-

пературасы орта есеппен 2-2,5 градусқа көтерілді, құрғақшылық күшейіп, қыс суық бола түсті. 100 шақырым шеңберінде жауын-шашын көлемі азайды. Құмды дауыл жиіледі. Аралқұм шөлінен жыл сайын ондаған миллион тонна тұз, құм, түрлі химиялық заттар атмосфераға көтеріледі. Олар әлемнің ең шалғай түкпірлерінен, мәселен, Солтүстік Мұзды мұхиттан табылып, алыс аумақтағы топыраққа, экожүйеге және адамдардың денсаулығына зиян келтіріп отыр. Теңіз табанынан ұшқан тұзды шаңның Тянь-Шань мен Памир мұздықтарына дейін жетуі алаңдаушылық туғызады. Дүниежүзілік метеорология ұйымының мәліметіне сүйенсек, мұздықтар үшін кейінгі гидрологиялық жыл бақылау жұмыстары басталғаннан бергі (1950 жылдан) ең нашар кезең болған. Мұздықтардың азаюы тұтас аймақтағы су қауіпсіздігіне қатер төндіруде. Сондай-ақ су тұтыну көлемі тұрақты түрде артып келеді. Барлық су ресурстарының 80 пайыздан астамы ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылады, яғни, суармалы жүйедегі шығын азаймай тұр. Мұндай жағдайда келісілген және ұзақмерзімді шешімдер әзірлеген жөн. Стратегиялық тұрғыдан маңызды әрі ауқымды шешімдерді бірлесіп қабылдап, өнімді жұмыс істей алатынымызды әлемге паш етейік, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент су проблематикасын аймақ елдеріне ортақ әрі халықаралық қоғамдастық назар аударатын өзекті мәселе ретінде қарастыруға шақырды.

Толығырақ akorda.kz
сайтында



ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫНЫҢ 40 ЖЫЛДЫҒЫН ЕСКЕ АЛУ

26 сәуірде Чернобыль атом электр станциясындағы апатқа 40 жыл толды.

1986 жылғы сәуірде болған бұл апат адамзат тарихындағы ең ауыр техногендік трагедиялардың бірі болып, миллиондаған адамның тағдырына әсер етті. Сол қиын кезде өз өмірін қауіпке тігіп, апат салдарын жоюға қатысқан ерлік иелерінің еңбегі ешқашан ұмытылмайды.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ Чернобыль апаты салдарын жоюға қатысқан ардагер, мүгедектігі бар тұлға Кравцов Николай Васильевичке 200 000 теңге мөлшерінде біржолғы материалдық

көмек төледі.

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың 40 жылдығына орай, қала әкімі Мансұр Ахметов Чернобыль апатының зардаптарын жоюға қатысқан ардагер, мүгедектігі бар Кравцов Николай Васильевичті арнайы барып құттықтады. Кездесу барысында қала әкімі Николай Васильевичке алғысын білдіріп, оның ерлігі мен еңбегі үшін зор құрмет көрсетіп, ардагерге мықты денсаулық, ұзақ өмір тіледі.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

40 ЛЕТ ПАМЯТИ ЧЕРНОБЫЛЬСКОЙ АВАРИИ

26 апреля исполнилось 40 лет со дня аварии на Чернобыльской АЭС. Авария, произошедшая в апреле 1986 года, стала одной из самых тяжелых техногенных трагедий в истории человечества и повлияла на судьбы миллионов людей. В те трудные дни тысячи людей, рискуя собственной жизнью принимали участие в ликвидации последствий катастрофы. Их подвиг навсегда останется в памяти.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ г.Приозерск» выплачена ветерану, лицу с инвалидностью ликвидации последствий аварии на Чернобыльской атомной электростанции Кравцову Николаю Васильевичу

единовременная материальная помощь в размере 200 000 тенге.

В честь 40-летия Чернобыльской АЭС аким города Приозерск Мансур Ахметов посетил и поздравил ветерана, участника ликвидации последствий аварии на Чернобыльской АЭС, лицо с инаinvalidностью Кравцова Николая Васильевича. В ходе встречи аким города поблагодарил Николая Васильевича, проявил большое уважение за его подвиг и заслуги, пожелал ветерану крепкого здоровья, долгих лет жизни.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»

7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесін атап өту құрметіне 8 адамға жалпы сомасы 1 300,0 мың теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек көрсетілді. Атап айтқанда:

1992 жылғы қыркүйек пен 2001 жылғы ақпан аралығында Тәжік-ауған шекарасы учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындағаны үшін Қазақстан Республикасының 4 әскери қызметшісіне – 200 000 теңге мөлшерінде;

1986–1991 жылдар аралығында

Таулы Қарабахтағы ұлтаралық қақтығысты реттеуге қатысқан бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының тұлғаларына, сондай-ақ 2 әскери қызметшіге 200 000 теңге мөлшерінде;

бейбіт уақытта әскери қызмет өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің 2 отбасына 50 000 теңге мөлшерінде.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

В ЧЕСТЬ ПРАЗДНОВАНИЯ 7 МАЯ – ДНЯ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА

В честь празднования 7 мая – Дня защитника Отечества оказана единовременная материальная помощь 8 чел. на общую сумму 1 300,0 тыс. тенге. А, именно:


4 военнослужащим Республики Казахстан, выполнявшие задачи согласно межгосударственным договорам и соглашениям по усилению охраны границы Содружества Независимых Государств на таджикско-афганском участке в период с сентября 1992 года по февраль 2001 года в размере 200 000 тенге;

2 военнослужащим, а также лица

начальствующего и рядового состава органов внутренних дел и государственной безопасности бывшего Союза ССР, принимавшие участие в урегулировании межэтнического конфликта в Нагорном Карабахе в период с 1986 по 1991 годы в размере 200 000 тенге;

2 семьям военнослужащим, погибших (умерших) при прохождении воинской службы в мирное время в размере 50 000 тенге.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»



Приозерск қаласы әкімінің аппаратында «Құқық кабинеті» жұмыс істейді. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышында азаматтарға электрондық мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен сервистерге еркін қол жеткізу мүмкіндігі беріледі, оның ішінде eGov, e-Otinish, «Ашық НҚА» порталдары және басқа да цифрлық сервистер.

В аппарате акима города Приозерск функционирует «Кабинет права». В уголке самообслуживания гражданам предоставляется возможность свободного доступа к электронным государственным информационным системам и сервисам, в том числе к порталам eGov, e-Otinish, «Открытые НПА» и другим цифровым сервисам.



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН!» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА 400 ТҮП ТЕРЕК ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ



Приозерск қаласында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ауқымды жалпықалалық сенбілік ұйымдастырылуда.

Бүгін «Таза Қазақстан!» экологиялық акциясы аясында Приозерск қаласының тұрғындары 400 түп терек көшеттерін отырғызды. Іс-ша-



Іс-шараға мемлекеттік мекеме қызметкерлері, әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының өкілдері, азаматтық және коммуналдық сала қызметкерлері, сондай-ақ қала тұрғындары белсенді қатысып, қаланың тазалығы мен көркеюіне өз үлестерін қосуда.

«Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» демекші, тал егу — адам ғұмырындағы ең игі істердің бірі. Бұл — болашақ ұрпаққа және Та-

раның мақсаты — қаланы көгалдандыру мен экологиялық мәдениетті арттыру.

Мұндай игі шаралар табиғатты қорғауға деген жауапкершілікті арттырып қана қоймай, жас ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің жарқын үлгісі болмақ.

[facebook.com/
priozersk.akimdigi](https://facebook.com/priozersk.akimdigi)

ЖАҢА ЖОБАЛАР МЕН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ: ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСУДА



Экономикалық өсім, жұмыссыздықтың төмендеуі және ірі жаңа жобалардың іске қосылуы — Қарағанды облысында «Аманат» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асырудың аралық қорытындылары шығарылды.

Облыстық мәслихаттағы депутаттық фракцияның кеңейтілген отырысында Жол картасының өңір дамуына әсері және қайта қарауды қажет ететін міндеттер талқыланды.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жүйелі жұмыстың қазірдің өзінде нақты нәтиже беріп жатқанын атап өтті.

— «Аманат» партиясымен үйлестірілген жұмыстың арқасында маңызды жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, өңір экономикасы нығайып, оның тұрақты дамуына жағдай жасалуда. Бірлескен жұмыс алдағы уақытта да облыс тұрғындарының игілігі үшін қойылған мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретініне сенімдімін, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

2025 жылдың қорытындысы бойынша өңір экономикасы 5,4%-ға өсті. Жұмыссыздық деңгейі 4%-ға дейін төмендеп, бұл елдегі ең төмен көрсеткіштердің біріне айналды. Орташа жалақы 9,2%-ға артты.

Соңғы үш жылда жалпы өңірлік өнім шамамен 27%-ға ұлғайды. Өнеркәсіп секторы күшейіп, инвестициялар мен өңдеуші саладағы өндіріс көлемі артты. Ауыл шаруашылығында да оң динамика байқалады. Ауылдық жерлерде кәсіпкерлік белсенді дамып, 8 мыңнан астам жаңа бизнес ашылды.

Болашаққа бағытталған жобалар да қалыптасып жатыр — 2027 жылға дейін өңірде Теміртауда өнер мектебін, Қарағандыда Оқушылар са-

райын және сегіз денсаулық сақтау нысанын салу жоспарланған. Олардың қатарында позитронды-эмиссиялық компьютерлік томография орталығы, 300 орындық көпсалалы аурухана және перинаталдық орталық бар.

Сонымен қатар, кейбір жобаларға түзетулер енгізу қажет. Облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов атап өткендей, барлық іс-шараларды бастапқы жоспар бойынша жүзеге асыру мүмкін болмаған.

— Бұл басымдықтардың өзгеруіне, жобалардың қымбаттауына және инвестициялық жоспарлардың қайта қаралуына байланысты. Жекелеген бағыттар түзетуді қажет етеді, — деді Ермек Алпысов.

Отырыс барысында «Ауыл аманаты» және «Жер аманаты» бағдарламаларына ерекше назар аударылды. Біріншісі аясында 837 микрокредит беріліп, 1128 жұмыс орны құрылды, ал екіншісі бойынша 1,9 млн гектар жер айналымға қайтарылды.

Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ануар Тюлюбеков нақтылады:

— Қаржыландырудың негізгі бөлігі мал шаруашылығын дамытуға, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға, қайта өңдеуге, өсімдік шаруашылығына, сондай-ақ ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнес-жобаларға бағытталған.

Сондай-ақ депутаттар инклюзивті ортаны дамыту, әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі және азаматтардың өтініштерімен жұмыс мәселелерін талқылады.

*Қарағанды облысы әкімдігінің
баспасөз орталығы*

Наследственное дело

Наследственное дело открыто после смерти гражданки Дудкиной Симы Константиновны, умершей 19 ноября 2025 года. Наследникам, а также физическим и юридическим лицам к которым Дудкина Сима Константиновна имели обязательства обращаться к нотариусу Карабекову Омар Сайлауовичу по адресу: Карагандинская область, г. Приозерск, улица Космонавтов, дом 1, офис 3. Справки по телефонам: 5-38-94; +7 708 142 6899; e-mail: omar.karabek@mail.ru

2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ
КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның аты - жөні	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын уақыты мен күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефондары
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жүсіпов Ахан Жармаханұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі,5	8(71039) 5- 28-59
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Дюсенбаев Абиль Зейнелкапдулович	Сектор меңгерушісі	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-29-03

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-27-92 Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты. Сейсенбі сағат 17:00-ден 18:00-ге дейін. ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-33-16 График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела. Вторник с 17:00 до 18:00 часов.	«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-33-16 Мәслихат төрағасы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды. ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА» 5-33-16 Председатель городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных
«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-38-70 <i>Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері: сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, 15.00-ден 17.00-ге дейін.</i> ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ Г. ПРИОЗЕРСК» 5-38-70 График приема граждан по личном вопросам руководителя отдела – понедельник, среда, пятница с 10.00 до 12.00; с 15.00 до 17.00 часов.	«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМ АППАРАТЫ» ММ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ: 5-30-06 Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі – әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) – әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) – әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.
«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-20-17 Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі-жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды. ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ СТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-20-17 График приема граждан руководителем отдела – Понедельник-Пятница с 17.00 по 18.00 часов.	ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «АППАРАТ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»: 5-30-06 График приема граждан: Аким города – еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель акима (коммунальная сфера) – еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель акима (социальная сфера) – еженедельно по средам с 17.00 часов

№	Мекеменің атауы	Сенім телефоны/ Телефон доверия	Наименование организации
1	«Приозерск қаласы әкімінің аппараты» ММ	5-30-06	ГУ «Аппарат акима города Приозерск»
2	«Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ	5-27-92	ГУ «Отдел внутренней политики города Приозерск»
3	«Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, спорт және дене шынықтыру бөлімі» ММ	5-40-93	ГУ «Отдел культуры, развития языков, спорта и физической культуры города Приозерск»
4	«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ	5-38-70	ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»
5	«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ	5-32-48	ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»
6	«Приозерск қаласының экономика және бөлімі» ММ	7-00-51	ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск»
7	«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ	5-32-99	ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск»
8	«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ	5-20-17	ГУ «Отдел строительства города Приозерск»
9	«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ	5-28-59	ГУ «Отдел государственных активов и закупок города Приозерск»
10	«Приозерск қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ	7-00-14	ГУ «Отдел жилищных отношений и жилищной инспекции города Приозерск»
11	«Приозерск қаласының тұрғын үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ	5-38-76	ГУ «Отдел ЖКХ, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Приозерск»

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY		
Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.» Бас редактор: Исатай М.А. Техникалық редактор: Исатай М.А. Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5. Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арко» ЖШС-де басылды. Тапсырыс №17/199, Таралымы:500 дана, пішімі: А3	Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35 Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35 Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.